



QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 11 қараша

### Қазақстан Ұлттық Банкі «Жеңіс монетасын жаса!» монеталарының үздік бейнеленуіне арналған ашық конкурсты жариялайды

2020 жылы бүкіл ел үшін маңызды және айтулы мерейтойлық күн – 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы атап өтіледі. Ұлы Отан соғысы еліміздің тарихында терең із қалдырды. Бұл мереке бір жағынан қуанышты, екінші жағынан - қайғылы, себебі ел есінде әскери жылдардың өлшеусіз қиындықтары мен халықтың мәңгілік ерлігі сақтаулы.

Қазақстан Ұлттық Банкі Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын атап өту шеңберінде **2019 жылғы 11 қарашадан** бастап Қазақстан азаматтарының арасында «Жеңіске 75 жыл!» тақырыбына монеталардың үздік бейнеленуіне арналған ашық конкурс жариялайды.

Конкурстың негізгі мақсаты – дарынды азаматтарды анықтау және көтермелеу, суретшілерге өз шығармашылық әлеуетін ашу мүмкіндігін беру және Жеңіс күні мерекесінің бірегей пайымдауын ұсыну.

Конкурстық жұмыстар қоса алғанда **2019 жылғы 11 – 25 қараша аралығында** қабылданады. Бір автордан бір жұмыстан артық қабылданбайды. Конкурстың қорытындысы **2019 жылғы 2 желтоқсанда** жария етіледі.

Конкурстық жұмыстар Қазақстан Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақша айналысы департаментіне «Жеңіс монетасын жаса!» белгісімен 050040, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй мекенжайы бойынша жіберіледі. Сондай-ақ, жұмыстарды [masheyeva.a@nationalbank.kz](mailto:masheyeva.a@nationalbank.kz) электронды адресіне жіберуге болады.

Конкурс тәртібі мен талаптары Конкурс туралы ережеде сипатталған және Қазақстан Ұлттық Банкінің ресми [интернет-ресурсындағы](#) «Хабарландыру» бөлімінде орналастырылған.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2 704 998 (1998)

+7 (727) 2 704 591 (3930)

E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)